

«2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» мәселе бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысындағы ҚРҰБ Төрағасы Ғ.О. Пірматовтың баяндамасы
Астана қ., 2022 жылғы 19 қазан

Құрметті Ерлан Жақанұлы!

Құрметті депутаттар!

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті дайындау барысында Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты мен төлем балансы көрсеткіштерінің болжамдарын әзірледі.

Болжам геосаяси жағдайдың нашарлауына байланысты әлемдік қаржы және тауар нарықтарында болған жоғары құбылмалылық кезеңінде қалыптасып отыр.

Геосаяси дағдарысқа байланысты әлемдік тауар нарықтарындағы теңгерімсіздік жаһандық инфляция жағдайын одан әрі қиындатты.

Көптеген елдердегі инфляция бірнеше онжылдықтағы ең жоғары көрсеткіштерге жетіп, жоғары деңгейде қалып отыр. Осыған байланысты дамыған және дамушы елдердің орталық банктері мөлшерлемелерді көтеруде.

ХВҚ биылғы қазан айында жаһандық инфляцияға қатысты болжамды көтеріп, энергия тасымалдаушылар мен азық-түлік бағасының қосымша күйзелісі инфляцияның мейілінше ұзақ сақталуына алып келуі мүмкін екенін атап өтті. Инфляция азық-түлік пен энергетика секторынан тыс шығып барады.

Халықаралық валюта қорының болжамдарына сәйкес, әлемдегі инфляция бұрын күткеннен жоғары деңгейде ұзағырақ қалып отыр және ол 2022 жылдың соңында

8,8%-ға дейін жетуі мүмкін. Одан кейін Халықаралық валюта қоры жаһандық инфляция 2023 жылы **6,5%-ға** дейін және 2024 жылға қарай **4,1%-ға** дейін бәсеңдейді деп болжайды.

Логистикалық және өндірістік жолдардың өзгеруінен ішкі нарықтардағы теңгерімсіздік күшейткен азық-түлік пен шикізат бағасының жалпы әлемдік өсуі аясында **Қазақстанда да инфляция өсті.**

Жылдық мәнде инфляция **17,7%-ға** жетті. Бұған **азық-түлік өнімдері** бағасының **22,2%-ға** өсуі айтарлықтай үлес қосты. **Азық-түлікке жатпайтын инфляция** да импорттық тауарлардың қымбаттай түсуінен және оларға сұраныстың жоғары болуынан **17%-ға** дейін қарқын алды. **Ақылы қызмет** инфляциясы **12,3%-ға** жетті.

Қыркүйек айындағы сыртқы шоктарды ескерсек, **2022** жылдың соңына қарай инфляция біздің тамыз айындағы болжамымыздан асып түседі.

Қазір іске асырылып жатқан **ақша-кредит саясаты** аясында **2023** жылы инфляция біртіндеп **7,5-9,5%-ға** дейін баяулайды. **Әлемдегі азық-түлік бағасы** өсімінің баяулауы, негізгі **сауда әріптес елдердегі инфляцияның** баяулауы да инфляцияны тежейтін болады.

Шикізат бағасы жоғары болған жерде **2022** жылы төлем балансының ағымдағы шоты **профицитке** ауысып, **2023** жылы профицит сақталады деп күтіледі.

2022 жылы **тауар экспортының** өсуі мұнай, металл, уран мен астықтың әлемдік жоғары бағасына байланысты болады.

2023 жылы металл бағасының төмендеуіне байланысты мұнайға жатпайтын экспорттың қысқаруы мұнай өндіру көлемінің **92,6 млн** тоннаға дейін өсуі арқылы өтеледі.

Сақталып отырған сұраныс пен **фискалдық шығыстар** аясында **тауар импорты** жоғары деңгейде сақталады деп күтілуде.

Бұл ретте ағымдағы шоттың күтілетін профициті **тұрақсыз** болады, өйткені, ол дайын **тауар экспортының төмен** деңгейде сақталып, **шикізат бағасының өсуімен** ғана қамтамасыз етіледі.

Назарларыңызға рақмет!